

"Ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер үшін радиоэлектрондық аспаптар мен құралдарды әзірлеу, жасау және дамыту" 2001-2005 жылдарға арналған республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаны бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 29 желтоқсан N 1956

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған "Ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер үшін радиоэлектрондық аспаптар мен құралдарды әзірлеу, жасау және дамыту" 2001-2005 жылдарға арналған республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарлама бекітілсін.

2. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.**

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Премьер - Министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1956 қаулысымен бекітілген

"Ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер үшін радиоэлектрондық аспаптар мен құралдарды әзірлеу, жасау және дамыту" 2001-2005 жылдарға арналған республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарлама

**Ескерту. Бағдарлама өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.05.20. N 462 қаулысымен .
Ескерту. Бағдарлама өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.04.08. N 387 қаулысымен .**

1. БАҒДАРЛАМА ТӨЛҚҰЖАТЫ

Атауы	Ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер үшін радиоэлектрондық аспаптар мен құралдарды әзірлеу, жасау және дамыту.
қысқаша мазмұны	Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері: отандық аспап-сайман паркін, соның ішінде ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер үшін құру мақсатында жоғары

технологиялық, ғылымды қажетсінетін радиоэлектрондық аспаптар мен құралдар әзірлеу, өндірісті ұйымдастыру және шығару ; отандық ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамыту және радиоэлектрондық мақсаттағы бәсекеге қабілетті өнімдерді шығару; жоғары ақпараттық технологияларды, соның ішінде ғарыштық ұшу аппараттарынан алынған ақпаратты пайдалану арқылы геоақпараттық жүйелерді ("ГАЗ-технологиясы") дамыту; мемлекеттің радиотехникалық саладағы қорғаныс жеткіліктілігін қамтамасыз ету; елде бар ғылыми-техникалық әлеуетті және жоғары білікті жұмыс күшін мейлінше пайдалану және қосымша жұмыс орындарын құру.

Күтілетін нәтижелер : жоғары ақпараттық-телекоммуникациялық технологияны, соның ішінде сандық электрондық карталар негізіндегі автоматты басқару жүйелерін игеру үшін радиоэлектрондық құралдар мен жүйелерді шығару және техникалық қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерін басқарудың тиімділігі мен шапшаңдығын арттыру мақсатында автоматты басқару жүйелерін әзірлеу және құру; жалпы және арнайы мақсаттағы телекоммуникация және байланыс жүйесін дамыту үшін ғылыми және жобалау-конструкторлық база құру.

Қаржыландыру көлемі мен көздері

Бағдарламаны қаржыландыру технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулерге арналған республикалық бюджетте көзделетін қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады. Бағдарламаны 2001-2005 жылдарға арналған бюджеттен қаржыландырудың қажетті көлемі 727,7

миллион теңгені құрайды, оның ішінде жылдар бойынша: 2001 жылға - 130 млн. теңге; 2002 жылға - 140 млн. теңге; 2003 жылға - 140 млн. теңге; 2004 жылға - 155 млн. теңге; 2005 жылға - 162,7 млн. теңге. Жыл сайынғы көлем тиісті бюджеттік бағдарлама бойынша республикалық бюджетте көзделетін көлемге сәйкес нақтыланды.

Бағдарламаны іске асыру үшін қосымша тартылатын бюджеттен тыс қаражаттың жоспарланатын көлемі шамамен 2,0 млрд. теңгені құрайды.

Мемлекеттік тапсырысшы-Бағдарламаның әкімшісі - Қазақстан Республикасының

Индустрия және сауда министрлігі.

Іске асырылу
мерзімі

2001-2005 жылдар.

2. КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 қаңтардағы N 8 қаулысына сәйкес құрылған "Қазақстан Республикасының Радиоэлектроника және байланыс жөніндегі ұлттық орталығының" негізгі міндеттері отандық радиоэлектроника саласын дамыту үшін ғылыми-әдістемелік, техникалық, кадрлық әлеуетті сақтау мен дамыту және база құру, "Сары-Шаған" полигонының аппараттық-аспаптық кешенін конверсиялау болып белгіленді. Осы міндеттердің шешімі "Телекоммуникациялар мен байланыстың қазіргі заманғы жүйелерін құру" республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламасының шеңберінде жүзеге асырылды, оның 1997-2000 жылдарға арналып түзетілген негізгі міндеттері мен көрсеткіштері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 20 маусымдағы N 1002 қаулысымен бекітілді.

Қазіргі кезде жоғарыда аталған Бағдарламаның негізгі міндеттері мен көрсеткіштері орындалды: радиоэлектроника саласын дамыту үшін материалдық-техникалық және технологиялық база құрылды, радиоэлектрондық және радиотехникалық, аспаптардың бірқатар шағын топтамалары әзірленіп, шығарылды. "Сары-Шаған" полигонында радиотехникалық кешендері конверсиялау жүзеге асырылды, ол ғарыштық ақпаратты қабылдау және өңдеу жүйесін құруға және бірінші ғарыштық түсірулер алуға мүмкіндік береді.

Осы саладағы жұмыстардың ары қарай дамуы Қазақстанның радиоэлектрондық бейіндегі конверсиялық кәсіпорындарының өндірістік қуаттары базасында, соның ішінде "Қазақстан Республикасының Радиоэлектроника және байланыс жөніндегі ұлттық орталығы" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "ҚР РЭБ ҰО" ААҚ) кәсіпорындарында, алдыңғы қатарлы технологиялар негізінде радиоэлектроника құралдары мен өнімдері өндірісін әзірлеп, ұйымдастыру болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында жақын және алыс шетелдер шығарған әртүрлі бақылау-өлшеу және ақпараттық-телекоммуникациялық құралдары мен жүйелері пәрменді түрде сатып алынып, енгізіліп жатыр. Олар кәсіпорындар қажеттіліктер үшін де, аса ауқымды, жалпы мемлекеттік мәні зор қажеттіктер үшін де пайдалануда. Бұл ағым жас мемлекетіміздің технологиялық тәуелсіздігіне қауіп төндіретіндіктен ақпараттық-телекоммуникациялық жүйе саласындағы отандық мамандарды алаңдатып отыр, соның ішінде:

ақпараттандыру мен телекоммуникацияландыру жүйесінде негізгі құрал ретінде шетелдік техника мен технологияны енгізе отырып, Қазақстан телекоммуникациялық техника мен оны бағдарламалық қамтамасыз ететін шетел өндірушілеріне тәуелді болады:

шетелдік жүйелерді сатып алу мен техникалық қамтамасыз ету үшін қаражат пен адамдар күші кетеді, оның орнына өзіміздің ақпараттық-телекоммуникациялық жүйені құру арқылы республика жұртшылығын еңбекпен қамту деңгейін көтеріп, қосымша жұмыс орындарын құру тиімді болар еді;

тәжірибе көрсетіп отырғанындай, шетелдік жүйелерді енгізу, Қазақстанның өз ұлттық ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесін құрудың ауқымды мәселелерін жоя алмайды, өйткені шетелдік жүйелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы байланыс жүйесінің ерекшеліктерін ескермейді, оның шарттарына нашар бейімделеді және ақпараттық қауіпсіздік жөнінде ұйымдық-техникалық іс-шаралар жүргізуге мүмкіндік бермейді.

Осыған орай, мәселені шешу қазіргі кезде қалыптасып отырған ақпараттық инфрақұрылымның ерекшелігін және ең алдымен басым ұлттық мүддені ескеретін, ең бастысы - стратегиялық маңызды отын-энергетикалық және кен-металлургиялық кешендер, коммуникациялар мен байланыс салаларында, Қазақстанның аса ірі де, аймақтық та ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесін құру саласындағы меншікті шетел тауарын алмастыратын жобалар мен әзірлемелерді іске асыру жөнінде жағдай туғызу болып саналады.

Осы міндеттерді шешу үшін "Ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер үшін радиоэлектрондық аспаптар мен құралдарды әзірлеу, жасау және дамыту" 2001-2005 жылдарға арналған республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бағытталған. Бағдарлама Қазақстан Республикасының Үкіметі

жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның мәжілісінде қаралып, мақұлданды (2000 жылғы 27 маусымдағы N 11-60/И-374 хаттама).

3. МӘСЕЛЕНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

Елдің барлық өнеркәсіптік кешенінің толыққанды жұмыс істеуі үшін тиімді жағдайлар жасау белсенді және толық түрде әлемдік ақпарат жүйесіне кіруді және бірыңғай ақпараттық кеңістікке шоғырлануды қажет етеді, ол қазіргі ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер құру арқылы, олардың негізін құраушы табиғаты әртүрлі (эфирлік, сымдық, талшықты-оптикалық байланыс желісі (ТОБЖ) және электроөткізгіш желісіндегі жоғарғы жиіліктері (ЭӨЖ-ЖЖ)) ақпаратты берудің физикалық каналдары болып табылады, сондай-ақ каналқұру және коммутациялық а п п а р а т т а р ж а с а п ш ы ғ а р у .

Пайдаланудағы радиоэлектрондық құралдар мен жүйелер негізінен физикалық және моральды ескірген және қазіргі ақпараттық- телекоммуникациялық технологияларды іске асыруды қамтамасыз етпейді. Бірінші кезекте бұл жалғастырушы байланыс аппараттарына қатысты: телефон станцияларының негізгі парктерін он күн сайынғы және орналасу құрылғысы құрайды, олар электрондық бақылау жүйесін және телефонмен сөйлесулерді тарифтеуді пайдалануға мүмкіндік бермейді. Сондай-ақ, практикада пайдаланылатын аяққы терминалдық құрылғысы қазіргі талаптарға сәйкес келмейді, олардың негізгі тұтынушы параметрі көпқызметтік (мультимедиялылық) болуы тиіс. Республикада аяққы құрылғы ретінде дербес компьютерлерді пайдаланудың жалпы қабылданған тенденциясын іске асыру қажет. Сатып алынатын қазіргі шетелдік телекоммуникациялық құралдар мен жүйелер бірқатар жағдайларда қолданыстағы байланыс жүйелеріне бейімделмейді.

Өндірісті ұйымдастыру үшін база болып табылатын ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар мен құралдар саласындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелі-конструкторлық жұмыстарды жүргізуді ынталандырушы фактор - отандық сауда-саттықтың айтарлықтай кеңдігі болып т а б ы л а д ы .

Мысалы, магистралдық жүйе саласының ТОБЖ арқылы өтетін ЭХЖ байланыс желісінің жылдық тұтыну қажеттілігі 3 000 км болса, тек қана ашық акционерлік қоғамы "Қазақтелеком" үшін 2 000 данадан аса жылдық жердің жасанды серігі с т а н ц и я с ы қ а ж е т .

Ең маңызды мәселе ISDN сандық үлгіге көшу болып саналатын коммутациялық құрал-жабдық саласында республика бойынша жылдық қажеттілік мынаны құрайды: абонент желісі құрал-жабдығының шоғырлануы - 50 мың порттар; коммутациялық құрал-жабдық - 30-50 мың порттар; таксофон кабиналары - 1100 дана; шығыс баулы электрондық жиынтықтар - 3.0 мың дана.

Қазақстан Республикасының радио және телехабарлар желісіне ескірген теле және радио тораптарының паркін шұғыл түрде жаңа, қазіргі уақыт талабына сәйкес элементтік базасына арналып орындалған отандық құрал-жабдықтармен ауыстыру бірнеше кезеңде 2000 жылдан 2002 жылға дейін жүргізілу жоспарлануда. Мұнда қуаттылығына байланысты жылдық қажеттілік 10-нан 1000 данаға дейін болмақ.

Қазіргі терминалды құрылғыларға деген республикадағы базар сұраныстарының сыйымдылығы бірнеше жүз мың дана құрайды, және де бұл талаптардың үзбей өсіп келе жатқан жағдайында, бұл олардың қызметтік мүмкіншіліктері сияқты, сондай-ақ олардың бір операторға деген есебі.

"Ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер үшін радиоэлектрондық аспаптар мен құралдарды әзірлеу, жасау және дамыту" республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламасы қазақстандық тұтынушыларды отандық радиоэлектрондық аспаптар және құралдармен қамтамасыз ету міндеттерін, сондай-ақ шетел тауарларын алмастыру аса маңызды мәселелерді шешуге және жаңа жұмыс орындарын ұйымдастыруға бағытталған.

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Бағдарламаның мақсаты - ақпараттық-телекоммуникациялық құралдар мен жүйелердің отандық аспап-сайман паркін құру мақсатында жоғары технологиялық ғылымды қажетсінетін радиоэлектрондық аспаптар мен құралдардың кең номенклатурасын әзірлеу, өндірісті ұйымдастыру және шығару.

Бағдарламаның міндеттері:

отандық ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамыту және радиоэлектрондық мақсаттағы бәсекеге қабілетті өнімдерді шығару;

жоғары ақпараттық технологияларды, соның ішінде ғарыштық ұшу аппараттарынан алынған ақпарат негізінде цифрлы электронды карталарды пайдалану арқылы геоақпараттық жүйелерді (ГАЖ-технологиясы) дамыту;

мемлекеттің радиотехникалық саладағы қорғаныс жеткіліктілігін қамтамасыз ету; елде бар ғылыми ғылыми-техникалық әлеуетті және жоғары білікті жұмыс күшін мейлінше тарту және қосымша жұмыс орындарын құру;

қазақстандық өндірушілерді халықаралық экономикалық байланыстар жүйесіне және радиоэлектрондық саладағы халықаралық еңбек бөлінісіне енгізу;

қазақстандық радиоэлектрондық өнімді тұтынушыларда отандық өндіріс өніміне деген сұранысты қалыптастыру.

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІКТЕРІ

Бағдарламаны іске асырудағы негізгі бағыттар мыналар болып табылады:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарын және өндірістік кешенін ақпараттық-телекоммуникациялық қамтамасыз ету бойынша жүйелеу жобасын әзірлеу және іске асыру:

ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер құруда жеке тораптары мен бөлшектерін қалыпқа түсіру және жүйелеу талаптарын сақтау бойынша нормативтік-әдістемелік ұсыныстар жасау;

автоматтандырылған бақылау жүйелерін және көлік құбыр өткізгіш телеметриялық жүйелері мен электрэнергетикасын диспетчерлеуді әзірлеу, әрекетке келтіру;

темір жол басқару бөлімшесін және ТОВЖ-бен ЭХЖ-ЖЖ байланыс жүйесін орталықтандырылған диспетчерлік жүйесін әзірлеу мен құру;

көлік құралдарының тасымалына, бақылау жасайтын телекоммуникациялық жүйе құру.

2. Ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер үшін отандық өндірістің құрал-аспаптар паркін қалыптастыру:

апатты жағдайды қауіпсіздендіретін топтамалы өндірісті, электр қуатының сапасы мен шеттен тыс мөлшерін; байланыс аспаптарының екінші қуат алу арналарын әзірлеу; мағлұмат беретін аспаптар мен телеграфтық 1, 2 және 16 каналды модемі, коммутация пакеттер орталығы мен импульстік-кодты модуляциялар үшін аппаратуралар; электр қуатын есептейтін 2 тармақтық құралдарды, метрлік және дицетрлік арнадағы толқынды ұстайтын телевизиялық құралдарды; аса қысқа толқындағы радиоқабылдағыштарды жедел байланыс жүйесін әзірлеу және игеру;

ақпараттың техникалық құралдарын және есептегіш техниканы шығару бойынша ғылыми-әдістемелік, технологиялық және өндірістік базаны дамыту;

ақпараттың техникалық құралдарын және есептегіш техниканы сервистік қызмет көрсету жөнінде аймақтық орталықтар желісін CALS технологиясын қолданумен (Continuis Acqisition and Life Cycle Support-үздіксіз жетілдіру және өнімнің сапасын қолдану) ұйымдастыру;

өнімнің сапасын есептейтін ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер құру, олардың істен шығу себебіне талдау жасау, WEB-сервис серверлерін құру;

өндірістік процесте отандық жинақтаушы өнімдердің үлесін ұлғайту бойынша ұйымдастыру-техникалық іс-шараларды әзірлеу және іске асыру;

кәсіпорынның - бағдарламаны орындаушының ғылыми-өндірістік базасын бұдан әрі дамыту.

3. Ғарыштық ұшу аппараттарының ақпараттары негізінде алынған электрондық карталарды пайдалану арқылы ГАЖ-технологияларды құру және дамыту:

электронды карталарды пайдалана отырып, ГАЖ-технологиясын дамыту үшін қолданбалы бағдарламаны қамтамасыз етуді әзірлеу;

өңдеудің бағдарламалық-техникалық кешенін жетілдіру және табиғатты

пайдаланудың, экология, картография және геологияның міндеттері мен проблемаларын шешу үшін болашағы бар ғарыштық аппараттарынан жоғары шешімдік Жерді қашықтықтан зерттеу мәліметтер базасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің мүддесіндегі арнайы міндеттер құру; геостационарлық және төменгі орбиталық ғарыштық байланыс жердің жасанды серігі туралы астрономиялық және фотометриялық ақпаратты жинақтау және өңдеу аймақтық орталығын құру;

бірыңғай уақыттың атомдық және Бүкіләлемдік уақыт Ұлттық жүйесін салыстыру жүйесін құру.

4. Мемлекеттің қорғаныс қабілеттілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде радиоэлектрондық кешендер, жүйелер және құралдар құру: автоматтандырылған кешендер, оның ішінде жылу сәулелі, радиолокациялық, электросигнализациялық және басқа да арнайы құрал-жабдықтарды пайдалануды әзірлеу және енгізу;

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің әуе шабуылының жүйесі үшін Орталық Азия аймағының әуеғарыштық жағдайы жайлы түскен мағлұматты өңдеп, жинақтайтын автоматтандырылған жүйе әзірлеу және құру;

отандық әлеуетті пайдалана отырып, радиоэлектрондық қарсы әрекет мәселесі бойынша тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу;

қайталау циклі 12 сағаттан аспайтын қайта құрылатын жұмыс бағдарламасы қағидатын пайдалану байланыс аппаратурасын әзірлеу және шығару;

қуаты 4, 8, 16 КВт электроэнергияның автономдық ұялы көздерін әзірлеу және шығару;

әскери мақсаттағы радиоэлектрондық құралдарына жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін әдістер және стандартты емес құрал-жабдықтар әзірлеу;

полигондарда Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерін әскери оқытуды техникалық қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жүргізу;

әскери мақсаттағы радиоэлектрондық тақырыптар бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыру жөнінде Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің Әскери-ғылыми орталығына (ҚР ҚМ ӘҒО) ғылыми-әдістемелік көмек көрсету.

Бағдарламаны іске асыру Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жобаларды орындауға мемлекеттік тапсырыс негізінде және конкурстық іріктеуден өткен, сондай-ақ ғылыми-техникалық және өнеркәсіптік өнімдерді аяққы тұтынушы тапсырмалары бойынша келісім-шарттарды орындау жүзеге асырылады.

6. ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ

Ескерту. 6-бөлім өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.05.20. N 462 қаулысымен .
Ескерту. 6-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.08. N 387 қаулысымен .

Осы бағдарламаны іске асыру үшін Қазақстан Республикасының қажетті ғылыми-техникалық, өндірістік-техникалық және мамандар әлеуеті бар. Мұндай әлеуеттің елеулі бөлігі бірінші кезекте "ҚР РЭБ ҰО" ААҚ-та және оның кәсіпорындары : "Алатаудың" Алматы арнайы конструкторлық бюросы" ғылыми-өндірістік кәсіпорнында, "Гранит" арнайы конструкторлық-технологиялық бюросы" жабық акционерлік қоғамында, "Радиоэлектроника институты" жабық акционерлік қоғамында, Қауіпсіздік құралдары мен жүйелері ғылыми-техникалық орталығында және "Алатау" өндірістік кәсіпорындарында шоғырланған. Бағдарламаны іске асыру үшін Орал мен Петропавл қалаларының радиоэлектрондық бейіндегі өнеркәсіп кәсіпорындары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бейін институттарының мамандары тартылатын болады.

Бағдарламаны қаржыландыру технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулер үшін республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне көзделетін бюджет қаражаты есебінен және шегінде жүзеге асырылады. 5 жылға арналған Бағдарламаны (2001-2005 жылдар) іске асыруға 727,7 миллион теңге бюджет қаражаты қажет болады, оның ішінде жылдар бойынша 2001 жылға - 130 млн. теңге; 2002 жылға - 140 млн. теңге; 2003 жылға - 140 млн. теңге; 2004 жылға - 155 млн. теңге; 2005 жылға - 162,7 млн. теңге. Жыл сайынғы көлем тиісті бюджеттік бағдарлама бойынша республикалық бюджетте көзделетін көлемге сәйкес
н а қ т ы л а н а д ы . < * >

Бағдарламаны жүзеге асыру үшін қосымша тапсырыс берушілердің - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрылымдық бөлімшелерімен бағынысты ұйымдарымен және басқа да тұтынушылармен тікелей шарттардың орындалуынан түсетін қаражаттарды тарту, сонымен қатар отандық және шетелдік инвестициялық және инновациялық қорлардан түсетін қаражаттардан тұрады. <*>

7. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРҒАННАН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

Бағдарламаны жүзеге асырғаннан кейін мынандай нәтижелер алынады:
ертүрлі мақсаттағы ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер үшін бақылау-өлшеуіш, арнақұратын және коммутациондық жабдықтарды тәжірибелі-конструкторлық және сериялық өндірісті меңгеру;
автоматтандырылған басқару жүйесі және электрэнергетикалық диспетчерлеу

көлігінің құбырөткізгіш телеметрикалық жүйесі, орталықтандырылған диспетчерлеу жүйесі және темір жол учаскесін басқару, ТОВЖ-бен ЭХЖ-ЖЖ байланыс жүйелері, көлік құралдарының басқару қозғалысының телекоммуникациялық жүйесі іске қ о с ы л ғ а н ;

отандық өндірістің техникалық құралдарын қолданудың басымдығы есебінен сапалы көп бағдарламалы телерадио хабарлар желістерін кеңейту;

сатып алынатын жинақтаушы үлесін кезеңдік азайту кезінде отандық өндірістің есептеуіш техника құралдарын жетілдіру және мультимедиялық терминалдық құрылғылар ретінде оларды бейімдеу жүргізілді;

экология, ауылшаруашылық, картография және геология, көлік коммуникация желілерінің (мұнай және өнім өткізгіштер жүйесін, электр беру желілерін, автомобиль және темір жолдарын) міндеттері мен проблемаларын шешу үшін жоғары шешімдік Жерді қашықтықтан зерттеу мәліметтерін пайдалану арқылы ГАЖ-технологиясы құрылды және енгізілді;

геостационарлық және төменгі орбиталық жердің жасанды серігі байланысының деректер базасы, сондай-ақ бірыңғай уақыттың атомдық және Бүкіләлемдік уақыт Ұлттық жүйесін салыстыру жүйесі құрылды;

тепловизия, радиолокация, электросигнализация және басқа арнайы жабдықтар базасында периметрлік техникалық құралдармен жабдықтау, автоматтандырылған кешендер пайдалануға қосылды: арнайы ұшақ аппараттарының ұшуын басқару: Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің біріккен әуе шабуылынан қорғаныс жүйесінің аймақтық автоматтандырылған бұйрық беру пунктін басқару жүргізілді;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс Күшіне қазіргі байланыс құралдарын жеткізу және техникалық қамтамасыз ету, сонымен қатар үлкен энергетикалық және уақыт параметрлерімен радиоэлектрондық қарсы тұру кешендерін әзірлеу және шығаруды ұйымдастыру жүзеге асырылды;

қаружарак және әскери техникалық радиоэлектрондық саладағы іске қосу, ретке келтіру, қалпына келтіру және жөндеу жұмыстары жүргізілді;

полигондарда Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің бөлімдері мен бөлімшелерін әскери оқытуды техникалық қамтамасыз ету жөнінде іс-шаралар жүргізілді;

ақпараттық-телекоммуникациялық құралдар мен жүйелерді құру және дамыту басым бағыттары бойынша мамандарды дайындау және қайта дайындау оқу әдістемелік сыныптарын ұйымдастыру;

ақпараттық-телекоммуникациялық құралдар мен жүйелер саласында мамандар үшін оқу бағдарламасы мен оқу құралдары әзірленді.

8. Ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер үшін радиоэлектрондық аспаптар мен құралдарды әзірлеудің, жасаудың және дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. 8-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.05.20. N 462 қаулысымен .
Ескерту. 8-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.08. N 387 қаулысымен .

Р/с! N	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орындалуға жауаптылар	Орын. далу	Болжа. нып	Қар. жылан. дыру
1	2	3	4	5	6	7

1. Ұйымдастыру іс-шаралары

1.	Барлық мүдделі мем-лекеттік органдарды тарта отырып, Бағдарламаның негізгі бағыттары жобаларды жөнінде комиссия қалыптастыру	Бұйрық	ЭМРМ, КҚМ, ҚорМ, (келісім	2000	-	-
					жылғы	
					4-тоқсан	
					бойынша)	
					бойынша	
					іріктеу	
					конкурстық	
2.	Бағдарламаның негізгі міндеттері бойынша жобаларды іріктеу жөнінде дастыру бағдарлама бас ұйымды айқындау	Бұйрық	ЭМРМ	2000	-	-
					жылғы	
					4-тоқсан	
					ұйым-	
					өткізу,	
					бойынша	
3.	Бағдарламаның 2001-2005 жылдарға арналған кеңейтілген нұсқасын Бағдарлама бас ұйыммен	Бұйрық	ЭМРМ	2000	-	-
					жылғы	
					1-тоқсан	
					қалыптастыру.	
					бойынша	
					мемлекет-	

т і к

к е л і с і м - ш а р т

жасасу

4. Технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулерге республикалық бюджетте көзделетін қаражат есебінен және шегінде бағдарламаны мақсатты қаржыландыруды қамтамасыз ету	Бұйрық	ИСМ	2001-2005 жылдар	2001-2005 жылдарға арналған қаржылан-дыру көлемі 727, жет 7 млн. теңге, оның ішінде жылдар бойынша : 2 0 0 1 ж . - 1 3 0 млн . т г ; 2 0 0 2 ж . - 1 4 0 млн . т г ; 2 0 0 3 ж . - 1 4 0 млн . т г ; 2 0 0 4 ж . - 1 5 5 млн . т г ; 2 0 0 5 ж . -	Республикалық бюджет
5. Аралық есептерді ғылыми-техникалық кеңесте қарау және бекіту	Бұйрық	ИСМ,	Жыл	-	-
тастыру және бекіту	Бағдарламаның жылға арналған тілген	арналған нұсқасын	бас ұйым	сайын,	4-тоқсан
6. Бас ұйымның бағдарламаны іске асыру жөніндегі қорытынды есебін дайындау және қарау	Қазақстан	ИСМ,	2005	-	-
		Республикасының қасының	бас ұйым	жылғы	4-тоқсан
			Үкіметіне	есеп	

2. Негізгі ғылыми-техникалық тапсырмалар

7. Қазақстан Республикасы-	Бұйрық	ИСМ	2001-	-	-
----------------------------	--------	-----	-------	---	---

ның электр энергетикасы,
көліктік құбыр өткізгіш-

2005
жылдар

тер және көлік құралдары
қозғалысын бақылау сала-
сындағы мемлекеттік бас-
қару органдары мен өнер-
кәсіптік кешенін ақпарат-
тық-телекоммуникациялық
қамтамасыз ету жөнінде
жүйелік жобаларды әзірлеу

және іске асыру

8. Арна құру, коммутация және Бұйрық ИСМ 2001- - -
терминалды құрылғылар 2005
аппаратураларын, ұялы жылдар

байланыс құралдарын,
сондай-ақ бақылау және
диагностика аппаратура-
ларын қоса алғанда, ақпа-
раттық-телекоммуникация-
лық жүйелер үшін отандық
өндірістің аспап-сайман
паркін құру. Өндірістік
процесте отандық жинақ-
таушы бұйымдар үлесін
ұлғайту жөнінде ұйымдас-
тыру-техникалық іс-шара-
лар әзірлеу және іске

асыру

9. Жоғары мүмкіндікті Бұйрық ИСМ 2001- - -
ғарыштық түсірулерді 2005
пайдаланып, ГАЗ техно- жылдар

логиясын құру және
енгізу. Сандық электр-
тронды карталар құру
үшін қолданбалы бағ-
дарламалық қамтамасыз
етуді әзірлеу. Перс-
пективалы ғарыштық
жүйелермен жоғары

мүмкіндікті	Жерді
қашықтықтан	зерттеу
ақпаратын	қабылдауды
және өңдеуді	қамтамасыз
ету.	Геостационарлық
және төменгі	орбиталық
байланыс	серіктері туралы
астрономиялық	және фото-
метриялық	ақпаратты жинау
және өңдеу	өңірлік орта-

лығын құру

10. Мемлекеттің қорғаныс Нормативтік ИСМ, ҚорМ, 2001- - -
қабілеті мен қауіпсіз- -құқықтық ҰҚК (келі- 2005
дігін қамтамасыз ету актілер сім бойынша) жылдар
мүддесінде радиоэлек-
трондық кешендерді,
жүйелер мен құралдарды,
оның ішінде автоматтан-
дырылған басқару жүйе-
лерін техникалық бірге
алып жүруді құру және
қамтамасыз ету. Жоғары
энергетикалық және уақытша
параметрлермен радио-
электронды қарсы іс-қи-
мыл кешендерін әзірлеу
және шығаруды қамтамасыз
ету. Бағдарлама қайта
құрылатын жұмыс жиілік-
тері қағидатында байланыс
аппаратурасын шығаруды
ұйымдастыру